

Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 11 шілдедегі "Павлодар облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" № 197/2 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 маусымдағы № 145/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 11 маусымда № 7561-14 болып тіркелді

Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 11 шілдедегі "Павлодар облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" № 197/2 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28834 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының Павлодар облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін ;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі

А. Байханов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы
су ресурстары және ирригация
министрлігі су шаруашылығы
комитетінің су ресурстарын
пайдалануды реттеу және қорғау
жөніндегі Ертіс бассейндік инспекциясы"
республикалық мемлекеттік мекемесі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау комитетінің Павлодар
облысының санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
департаменті" республикалық
мемлекеттік мекемесі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрлігі
Экологиялық реттеу және бақылау
комитетінің Павлодар облысы
бойынша экология департаменті"
республикалық мемлекеттік
мекемесі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Павлодар облысының жер
катынастары басқармасы"
мемлекеттік мекемесі

Павлодар облысы
әкімдігінің 2024 жылғы
10 маусымдағы № 145/2
қаулысына қосымша
Павлодар облысы
әкімдігінің 2022 жылғы
11 шілдедегі
№ 197/2 қаулысына
1-қосымша

Павлодар облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

Р/с №	Су объектісінің атауы	Орналасқан жері	Су қорғау аймағының ауданы (гектар)	Су қорғау белдеуінің ауданы (гектар)	Су қорғау аймағының ені (метр)	Су қорғау белдеуінің ені (метр)
Павлодар қаласы						
1	Ертіс өзені	Павлодар қаласы-оң жағалау	554	5666	105-4270	35-3210

2	Ертіс өзені	Павлодар қаласы-сол жағалау	58	3032	4293-5785	4223-5715
3	Қара Бидайық көлі	Павлодар қаласы	396,0150	26,6590	500	35
Павлодар қаласының ауылдық аймағы						
4	Мойылды көлі	Мойылды ауылы	163,4	16,6	300	35
Екібастұз қаласының ауылдық аймағы						
5	Шідерті өзені	Шідерті ауылы	16,9634	1,1789	500	35
6	Темірастау өзені	Төрт-Құдық ауылдық аймағы	554,3658	44,8152	254-500	35
Ақсу қаласының ауылдық аймағы						
7	Ертіс өзені	Ақсу қаласының ауылдық аймағы	1242	59517	105-14290	35-13240
Ақтоғай ауданы						
8	Ертіс өзені	Ақтоғай ауданы	8400	43997	115-11335	35-8200
Железин ауданы						
9	Ертіс өзені	Железин ауданы	5700	8253	216-8232	36-7081
Ертіс ауданы						
10	Ертіс өзені	Ертіс ауданы	11100	41842	59-8960	35-6265
Май ауданы						
11	Ертіс өзені	Май ауданы	13500	73848	950-11926	880-10676
12	Кемертұз көлі	Май ауданы	103	21,8	500	100
13	Ащысу өзені	Май ауданы	162,7	16,3	500	55
Ақкулы ауданы						
14	Ертіс өзені	Ақкулы ауданы	1000	44498	67-12332	35-11326
15	Тұз көлі	Ақкулы ауданы	1259	195	500-1300	100
Тереңкөл ауданы						
16	Ертіс өзені	Тереңкөл ауданы	9600	29323	45-11595	38-9210
Павлодар ауданы						
17	Ертіс өзені	Павлодар ауданы	9046	55549	51-14002	35-10699
18	Маралды көлі	Павлодар ауданы	852,1	71,1	500	35
Баянауыл ауданы						

19	Біржанкөл көлі	Құндыкөл ауылдық округі	81,5	7,5	500	35
20	Сабындыкөл көлі	Баянауыл ауылдық округі	495,6	37,7	500	35
21	Ақсор көлі	Баянауыл ауданы	212,4	23,88	300	35
Шарбақты ауданы						
22	Маралды көлі	Шарбақты ауданы	1006,4	80,3	500	35

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК